

Әнегелі
мір

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАҰЙЫ



Ә Н Е Г Е Л І Ә М І Р



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілген

Бас редактор: Ғ.М. Мұтанов
Орынбасарлары: Б.Ө. Жақып
З.А. Мансұров

Жауапты хатшы: Н.Е. Қопабаева

Редакциялық жұмыс тобы:

С. Медеубекұлы

А. Рамазан

Н. Дәуешов

Қ. Мұқатаева

Құрастырушы: Д. Смайыл

Редакторлар: А. Ауанова

А. Суталиева

Беттеген және мұқабасын
көркемдеген: Н. Қопабаева

Редакция мекенжайы:

Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71,

«Қазақ университеті» баспа үйі

тел.: 221-11-74

**Республикалық «Өнегелі өмір»
сериялық кітап редакциясы
қоғамдық кеңесінің мүшелері**

Кеңес төрағасы: О.О. Сүлейменов

Әбдіжәміл Нұрпейісов

Әбілфайыз Ыдырысов

Болат Көмеков

Кенжеғали Сағадиев

Көпжасар Нәрібаев

Қуаныш Сұлтанов

Мәулен Әшімбаев

Мұрат Әуезов

Мұрат Жұрынов

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Мырзатай Жолдасбеков

Нұрлан Оразалин

Роллан Сейсенбаев

Сағымбай Қозыбаев

Сауытбек Абдрахманов

Сейіт Қасқабасов

Сергей Терещенко

Сұлтан Сартаев

Төлеген Қожамқұлов

Уахит Шәлекенов

156-шығарылым

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

Т 52

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Тоқаев К.

Т 52 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов / Құраст. Д. Смайыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. Ш. 156. – 401 б., сур.

ISBN 978-601-04-3362-5

Бұл кітап ұлт журналистикасын кәсіби деңгейге көтеруге атсалысқан сара сөздің сардары, белгілі публицист, тұңғыш қазақ детектив жазушысы Кемел Тоқаевтың ұлт руханияты үшін еткен еңбегінен, ғибратты ғұмырынан сыр шертеді. Онда көркемсөз шеберінің «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ» повестері, «Соңғы сокқы» романы, «Милиция – қорғаным» пьесасынан үзінді берілген. Сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттер, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері қамтылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-3362-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

© Смайыл Д., 2018

Құрметті оқырман!

Ел тағдыры безбенге салынып, ер басына күн туған Ұлы Отан соғысының отты кезеңінде халқымызды тарихтың қатал сынынан аман алып өткен, қаһармандық пен жасампаздыққа толы сол бір сындарлы жылдарды ерен еңбегі арқылы тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі бақытты болмысына ұластырған аға ұрпақ өкілдері болатын. Өртеңге шыққан балауса құрақтай осынау қуатты толқын маңдайына қазақтың іргелі ғылымының, кәсіби білікті өнерінің, сан салалы, арналы әдебиетінің тұғырын төсеу бұйырыпты. Майдан ақиқатын жан жүрегімен сезініп, оқ пен оттың ортасынан аман келген жасауынгер-қаламгерлер Ілияс Есенберлин мен Әбдіжәмил Нұрпейісов тарихи роман негізін салса, Тахауи Ахтанов психологиялық драманы, Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленов азаматтық лириканы жаңа, заманауи биікке көтерді. Осынау біртуар шоғырда талантты көркемсөз шебері Кемел Тоқаев иеленер орын ерекше. Саналы ғұмырын сөз өнерінің журналистика мен ресми аударма сынды ұшқыр салаларына арнаған қаламгер қазақ прозасының детектив сынды бітімі бөлек жанрын өмірге әкелді. Руханият кеңістігіндегі жыл құсындай жаңалықты таразыға тартып, сараптап отыратын талғампаз сын жазушының шытырман оқиғаларға құрылған шығармаларын әдеби үдерістегі соны құбылысқа балады.


Жазушы Кемел Тоқаевтың көркемдік құбыланамасының адамгершілік, адалдық пен әділдік, адамгершілік пен бауырмалдық сынды адами қасиеттерге бағдарлануының өзіндік сыры, себебі бар. Халқымызды алапат апатқа ұшыратқан 1931–1932 жылдардағы ашаршылық кезінде сонау Қырғызстанға, Бішкекке бас сауғалап барған бала Кемелдің әкесі мен анасы, қарындасы қайғылы жаздайда қайтыс болып, ағасы Қасым екеуі балалар үйінде тәрбиеленеді. Қасым 1942 жылы жасамен шайқаста ерлікпен қаза табады. Жар дегенде жалғыз бауырынан айырылу Кемелге оңай соқпайды, оның жүрегінде мәңгілік жазылмастай жара қалдырады. Болашақ жазушы да орта мектепті бітірісімен майданға алынып, Бішкектегі әскери училищеден соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясының қатарында бөлімше командирі болып соғысқа кіріп, жараланады. Жарақаты жазылған Кемел Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында 7-гвардияшылар полкімен жасаға қарсы ұрысады, көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан

соғысы ордендерін, «Ерлігі үшін» және «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарын омырауына тағады.

Талапты да талантты жас оқи жүріп, студент кезінде-ақ жастардың «Лениншіл жас» газетінде тілшілік қызмет істейді. Оқуын тәмамдаған соң Кемел Тоқаев Жамбыл облыстық газетіне жолдамамен жіберіліп, өңірлік баспасөздің қазанында қайнады. Одан кейін астанаға қайта шақырылып, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ең беделді республикалық басылымдарында жұмыс істейді. Біліктілігі мен сапалы ұйымдастырушылығының арқасында аталған ақпарат құралдарында басшылық қызметтерге дейін көтерілді. Басылымның бүкіл өндірістік әрі шығармашылық тірлігі тоғысатын бұл қызметті абыроймен атқарған Кемел Тоқаев біраз жылдан кейін елдің заң шығарушы билігінің ресми органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысына» ауысып, мұнда ұзақ жылдар хатшы, жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. Осы уақыттың ішінде Кемел Тоқаев қазақ баспасөзінің тарихында келелі істер атқарған тұлға ретінде қалып, руханият пен әдебиет әлемінде де жарқырап көрінді. Шығармашылық жетістіктермен астасқан жемісті жұмысы үшін көптеген марапаттарға ие болды.

Әдебиетіміздегі тың салаға түрен салған қарымды қаламгердің, журналистердің талантты толқынын тәрбиелей отырып, кәсіби қазақ тілін қалыптастыруға, әсіресе заңға байланысты атау сөздерді бір ізге түсіруге, мемлекеттік терминология комиссиясынан өткізуге белсене араласқан мемлекет қайраткерінің өміршең туындылары бүгінгі күн рухымен үндесіп, отаншыл жас ұрпақтың рухани игілігіне айналып отыр.

**Бас редактор,
ректор**



Ғ.М. Мұтанов

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ (1923–1986)

Жазушы, журналист, мемлекет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысының Қаратал ауданында туған. Шымкент қаласында орта мектепті тәмамдағаннан кейін Қызыл армия қатарына алынып, Бішкек қаласындағы әскери училищені аяқтаған соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясында бөлім командирі бола жүріп соғысқа қатысқан, жараланған. Госпитальдан кейін 7-гвардияшылар танк полкімен Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында болған. Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «За отвагу» және «За оборону Сталинграда» медальдарымен марапатталған.

Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Кемел Тоқаев С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) университеттің тарих-филология факультеті журналистика бөлімін тәмамдады. Университетте оқи жүріп «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде қызмет атқарады. Оқуын аяқтаған соң Жамбыл облыстық газетінде 1948–1949 жылдары әдеби қызметкер болды. Бұл жұмыстан «Лениншіл жас» газетіне қызметке шақырылып, аталған басылымда 1949–1953 жылдары студент жастар бөлімін басқарады және осы кездері жеке әңгіме, повестері жарық көре бастайды. Бұдан кейін «Қазақстан пионері» газетінде редактор болып қызмет атқарады. Қаламы ұшталған, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, өмірдің әр саласын терең зерттеп, шебер жаза білетін журналист-жазушы 1956–1960 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жауапты хатшы, редколлегия мүшесі болып қызмет атқарады. 1960 жылдың мамыр айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысына» қызметке ауысады, бұл мекемеде 17 жыл – 1977 жылдың қазан айына шейін алғашқыда хатшы, соңынан 11 жыл бойы жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. 1980–1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болады.

Кеңес чекистері тақырыбына арналған оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі жариялаған әдеби бәйгелерде бірінші бәйге алып, төрт мәрте лауреат атанған. «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?» және «Сықырлы сырлар» деп аталатын

пьесалардың авторы. Бейбіт өмірде еңбектегі және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет Грамотасымен және төсбелгісімен марапатталған. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1954 жылы «Жұлдызды жорық» атты әңгімелер жинағы, 1958 жылы «Қыс қарлығашы» повесі, 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Қазақстан» баспасынан «Болашақ туралы ойлар» атты повестер мен әңгімелер жинағы, «Жазушы» және «Қазақстан» баспаларынан 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Түнде атылған оқ» атты повестер жинағы, 1971–1972, 1976 жылдары «Қастандық» атты повесі, 1971, 1972, 1975, 1976 жылдары «Арнаулы тапсырма» атты повесі, 1965, 1968, 1976 жылдары «Сарғабанда болған оқиға» атты повесі, 1977 жылы «Таңбалы алтын» повесі, 1981 жылы «Соңғы соққы» романы, 1983 жылы «Солдат алысқа кетті» және «Ұясынан безген құс» романдары жарық көрген және қайта басылып шыққан.

ЗАМАННЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН...

БІР МЕЗЕТ – ТҮТАС ӨМІР

«Өркенге» мектеп оқушыларынан тыныштық сақшысы – милиционер болғысы келетінін айтып жазған хаттар көп түседі. Олар өмірде өздері күнде көріп жүрген милиционер ағаларына, немесе әдеби кітаптардағы батыл да тапқыр кейіпкерлерге еліктейді. Бүгін сондай хаттардың бір тобына милиционерлер өмірінен шығармалар жазып жүрген танымал жазушы Кемел Тоқаев жауап берді.

– Менің алдыма кітап оқушылардың көптеген хаты жатыр. Хат иесі әртүрлі мамандықтың адамдары, көбі жұмысшылар, ауыл шаруашылығының еңбеккерлері, шопандар, мұғалімдер, Совет Армиясының жауынгерлері мен мектептегі шәкірттер.

Олар өздерінің хаттарында милиция қызметкерлерінің қылмысты ашуда және қауіпті қылмыскерді ұстауда қиын да қатерлі істерін, совет чекистерінің шетел шпиондарын әшкерелеуде тынымсыз, тапқырлық, шытырман қилы жұмыстарын суреттейтін «Дикарьдың өлімі», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Таңбалы алтын», тағы басқа повестер мен әңгімелерді аса зейін қойып, ынтыға қызығып оқитынын, бұл кітаптар өздеріне үлкен ой салып, өз Отанын шексіз сүйеге баулитыны, ерлік, еңбекке жігерлендіретінін және қиындықты жеңуге шақыратынын айтып жазады. Басты кейіпкер – герой Талғат Майлыбаевтай алғыр, тапқыр, шытырман оқиғаны шеше білетін чекист болсақ дейді. Бұл кітаптар өмір серігіміз деген түйін түйеді. Авторға алғыс сезімін білдіре отырып, бұл шығармалардың қалай жазылғанын сұрайды, құпия санамаса айтып берсе екен дейді. Өзінің күнделікті атқарып жүрген жұмысы жұртшылық аузына ілігетіндей мамандық тандап алуы үшін ақыл-кеңес беруін өтінеді. Ауыр бейнет, қиын іс жігіттердің ғана меншігінде тиген емес, оған қыздар да ортақ. Қазақ қызының милиционер болуы айып па дейді.

Кітап оқушылардың сансыз хаттарына жауап ретінде, бір кезде, Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүргенде және одан кейін де жұмыс істеген және сол жөнінде диплом қорғаған «Лениншіл жас» газетінің бетінде «Өркеннің» оқушыларымен сырласуды мақұл көрдім.

Ең алдымен, кітап қалай жазылды? Жазу үстінде қандай қиындықтар кездесті? Детективті жанрдың ерекшелігі неде? – деген сұрақтарды талдасақ, оқырмандардың маған қойған көптеген сұрақтарына жауап берем ғой деп ойлаймын.

«Түнде атылған оқ» повесін жазуға сол кезде «Известия» газетінде жарияланған кішкене хабар себеп болды. Онда мемлекет қауіпсіздігі органдары қызметкерлерінің шетел разведкасы жіберген жансызды (шпионды) Қазақстан жерінде ұстағаны айтылған. «Егер біреу маған «Адамның ең жақын сыйласы кім» десе, мен ол адамға КІТАП деп жауап берер едім. Себебі кітап өмірдің егжей-тегжейін түсіндіретін құрал іспетті... Мен бұрын ешқандай кітап талғамай оқи беретін едім. Бірде кітапханадан К. Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесін оқығанда, бойыма жаңадан өзгеріс енгенін сездім. Содан бері милиция өміріне, чекистер өміріне арналған кітапты қызыға оқимын... Адамгершілік пен адамдықтың биік тұлғасына жеткізген «Түнде атылған оқ» повесіне өтелмес қарыздармын. Я, мен бұл кітапты оқып болған соң ой логикасына тұңғыш рет ерік бердім. Менің сол күнгі ойым бір жылт етіп жарыққа ұмтылған көбелектей емес еді. Ол көңілімнің пердесінен көрініп келе жатқан арман ағысы еді. Тіпті жүрекке ұялаған бұл кітаптың әсерлері қаншама десеңізші! Өмір баспалдағын «Түнде атылған оқ» повесінен алған әсермен аттаймын. Бұл кітап менің жан серігім болмақ...».

Иә, УАҚЫТ – қатал сыншы. Жазушы шығармасы елегінен, талғам-талабынан өтіп, өз оқушысын тауып жатса, бұл қаламгер үшін нағыз бақыт қой. Өзінің оқыған кітаптары жөнінде Шымкент облысының Киров ауданында тұратын Қ. Байгожаев былай толғанады:

«Құрметті редакция! Көп кітаптарды оқып жүріп, редакцияға хат жолдаған жоқ едім. Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесін оқи отырып, қолыма қалам алуға мәжбүр болдым. Өзіме үлгі аларлықтай көптеген кейіпкерлердің істерімен таныстым. Мәселен капитан Талғат Майлыбаев, полковник Мұқан Дайыров, лейтенант Бақытжан Алтаев сынды ағаларымызды мақтан тұтамын. Қызыққаным сонша, оқып отырған кезде, тіпті өзім соның арасында жүргендей болып кеттім. Халық «Милиция – қорғаның!» деп бекер айтпаса керек... Бетпе-бет кездесетін небір қиын жағайларды да жеңіп шығатын тыныштық қорғаны – милиция ғой...».

Шығарманың басты кейіпкерлері кітап оқушыларына ұнап, одан үлгі-өнеге алуды, дәл сондай болуды арман етсе, онда жазушы өз геройының бейнесі ойдағыдай жасалған ғой деп айтуға правосы бар ма деймін. Шынында да Талғат Майлыбаев «Дикарьдың өлімі», «Қастандық», «Таңбалы алтын», «Сарғабанда» болған оқиға»

және «Түнде атылған оқ» повестерінің басты кейіпкері. Қалалық милицияның қылмысты іздеу бөлімінде өз жұмысын қатардағы қызметтен бастаған ол Мемлекеттік қауіпсіздігі органының жауапты қызметкерлеріне дейін көтеріледі. Жазушы бұл шығармаларда іс үстінде табиғи өсу жолын көрсетуге тырысты.

Орыс оқушылары да редакция мен баспаға жазған өздерінің хаттарында кітаптағы повестерді ынта қойып қызыға оқығандарын айтады. Осы «Таинственный след» кітабын тауып жіберуді өтінеді. Ставрополь қаласында тұратын А. И. Попова өзінің хатында: «Сіздің баспаңыз Кемел Тоқаевтың «Көмескі із» деген кітабын орысшаға аударып шығарған екен. «Ерекше» тапсырма» деген повесте Попов деген партизанның аты аталады. Аты-жөнінің бәрі соғыста хабарсыз кеткен күйеуімнің аты-жөнінде дәл келеді. Ол дәл соғыс басталар кезінде Гродно қаласында болып, содан хабарсыз кетіп еді. Әрине, кітаптағы фамилия жазушының ойынан алынып жазылуы мүмкін. Оны түсінем. Бірақ, мен күйеуімнің дәл кітапта жазылғандай ержүрек болуын қалар едім... Мен екі баланың анасымын. Хабарсыз кеткендерді күтіп, шаш та азарды. Қартайдық, ...Менің өтінішімді авторға жеткізсеңіз екен. Балкім ол менің жылаумен күтіп өткен жарым шығар...» дейді.

Редакция мен баспа орындарына және автордың өзіне келіп жатқан хаттардан мұндай үзінділерді көптеп келтіруге болар еді. Соңғы бір-екі жылдың ішінде «Лениншіл жас» газетіне 300-ге жуық хат түскенін айтсақ та жеткілікті. Оқырмандар өздерінің хаттарында кітаптың қызықты жазылғанын, басты геройының ұнағанын көбірек айтады. Туысқан көршіміз Монғол елінің кітап әуесқойлары да бұл туындылармен таныс екенін сөз орайында айта кеткен жөн бе деймін. Менің алдымда «Улаанод» («Красная Звезда») газеті жатыр. Онда Тогтолхаанның моңғол тілінде жасаған аудармасымен «Түнде атылған оқ» повесінен үзінділер берілген.

Жоғарыда аталған кітаптар жөнінде оқырмандардан хаттардың үздіксіз келіп жатуының себебі неде деген сұрақ еріксіз тілге оралады. Кейбіреулер: «Детектив қой. Детектив болған соң қызық қой. Бұл өзі жеңіл жазылатын дүние ғой» үстірттеу пікір айтуға бейім тұрады. Меніңше, мұның сыры мүлде басқа, құпиясы тереңде жатыр. Өз оқырмандарыммен сырласып, әңгімелесіп отырғандықтан әдебиеттің бұл ерекше жанры жөнінде пікір таластырып жатуды жөн көрмедім. Кітап оқушыларының қойған сұрақтарына жауап

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІ ХАҚЫНДА

Заң терминдерін қазақ тілінде бір ізге салудың, оларды қалыптастырудың зор маңызы бар. Бұл салада біраз жұмыс істелгені мәлім. 1962–1964 жылдары «Қазақ ССР-інің қылмыстық кодексі», ал 1964 жылы және «Қазақ ССР-інің қылмыстық істер жүргізу кодексі» және «Қазақ ССР-інің азаматтық және «Қазақ ССР-інің азаматтық кодексі» қазақ тілінде басылып шықты.

Заң терминдерін бір жүйеге келтіріп, оны жұртшылық арасында кеңінен насихаттауда «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары» бірсыдырғы жұмыс істеп келеді. Жоғарыда аталған Қазақ ССР-інің кодекстерінің аудармалары «Ведомостардың» редакциясында қаралып, талқылаудан өтті. Талқылауға тіл мамандарымен бірге заң қызметкерлері, ғалымдар қатысты.

Сонымен бірге «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостарында» әрдайым Қазақ ССР-інің кодекстеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер беріліп отырады. Кодекстің әрбір статьясына Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша өзгерістер мен толықтырулар жасаған кезде көбіне бұрын қолданылып жүрген, қалыптасқан терминдер алынады.


Алайда, заң терминдерін қолдануда елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейде сөздің заңда қолдануының нақты мәнін білмей, тұспалдап аударушылық бар. Мәселен, сотта іс қазақша жүргізілетін мекемелердің көбінде «решение суда» деген сөздерді «соттың шешімі», «определение» деген сөзді «анықтама» деп алады. Шынында мұндағы «решение» деген сөз қаулы-қарарларда кездесетін «шешім» емес, «билік» деген мағынаны білдіреді. «Определение» – ұйғарым деген сөз. Сонда «решение суда» деген тіркесті «соттың билігі» деп алған дұрыс.

Ал «Қазақ ССР-інің қылмыстық кодексі» мен «Қазақ ССР-інің қылмыстық істер жүргізу кодексінің» 1962 және 1964 жылдардағы басылымдарының терминдерінде елеулі алшақтықтар бар.

Мәселен, «Қазақ ССР-інің қылмыстық істер жүргізу кодексінің» 6-статьясында «неприкосновенность личности» деген сөздер «адамның өз басына ешкімнің қағылмастығы» деп аударылған, ал Қазақ ССР-інің Конституциясында бұл тіркес «адамның өз басына ешкімнің тимеуі» деп алынған еді. Кодексті аударған кезде бұл қалыптасқан сөздерді өзгертудің қанша қажеті болғаны белгісіз.



Кемел Тоқаев достарының арасында. 1965 ж.



Тұрар Шабарбаева Алматы шет тілдер институтында. 1967 ж.



К. Тоқаев. 1967 ж.



К. Тоқаев, С. Ниязбеков және ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиум аппаратының қызметкерлері. 1965 ж.

Токаева Салтанат Кемелқызы мен
Теміртай Избастиннің үйлену тойы



Тұрар Шабарбаева